

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы
Акционерінің шешімі**

Алматы қ.

2019 жылғы «15» Тамыз

№ 7

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Жалғыз акционерінің 2017 жылғы 22 тамыздағы №1 шешімімен бекітілген Қоғам Жарғысының 44-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес, «Акционердің құқықтары бойынша өкілеттіктерді беру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 184 бұйрығының негізінде іс-қимыл жасайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляков арқылы Жалғыз акционер **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қоғам Жарғысына өзгерістер бекітілсін.
2. Қоғамның Басқарма Төрағасы Д.А. Мусиралиевке:
 - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістерге қол қоюға;
 - 2) осы шешім қабылданған күннен бастап бір айлық мерзімде Қоғамның Жарғысына өзгерістердің енгізілгені туралы тіркеуші органға хабарлауға өкілеттік берілсін.
3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары**



О. Смоляков